

Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік емес сыртқы заемдар бойынша алдағы және мерзімі өткен төлемдерді өтеу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 25 наурыз N 291

Қазақстан Республикасының шетел несие берушілері алдындағы міндеттемелерін орындау, дефолт фактілеріне жол бермеу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдіктері бар бұрын берілген мемлекеттік емес сыртқы заемдардың республикалық бюджетке қайтарылуын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

1) 1992 жылғы 6 қарашадағы N 13-6/И-947, 1993 жылғы 10 мамырдағы N 26-15/116, 1993 жылғы 25 мамырдағы N 26-15/144, 1993 жылғы 25 мамырдағы N 26-15/145, 1994 жылғы 29 маусымдағы N 22-3/42, 1995 жылғы 8 маусымдағы N Ф 22-3/8, 1995 жылғы 1 желтоқсандағы N 0000001 және N 0000002, 1996 жылғы 11 наурыздағы N 0000012 Қазақстан Республикасының берілген мемлекеттік кепілдіктеріне және 1994 жылғы 19 желтоқсандағы Әлембанк (бұрынғы Қазсыртқы эконобанкі) білдірген Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Австрия Федеральды Қаржы министрлігі арасындағы Келісімге Өзгеріске сәйкес, шетел банктері шоттарының негізінде дәрменсіз заемшылар үшін алдағы және мерзімі өткен төлемдерді (1, 2-қосымшаларға сәйкес), сондай-ақ есептелген айыппұл сомаларын төлем жасалатын күнгі бағам айырмасының өзгеруін есепке ала отырып, 1999 жылға арналған республикалық бюджетте " Несиелендіру" бөлімі бойынша көзделген қаражат шегінде төлейтін болсын;

2) заемшылардың Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік емес сыртқы заемдарды пайдалану жөніндегі қызметіне қаржылық тексеріс жүргізсін және оларды пайдалану тәртібін бұзу фактілері анықталған жағдайда кінәлі адамдарды Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес жауапқа тарту мақсатында материалдарды құқық қорғау органдарына, соттарға берсін.

2. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Салық полициясы комитеті мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік емес сыртқы заемдар бойынша қаржылық міндеттемелерді орындамаған тұлғаларға банкроттық рәсімін жүргізуге дейін, сондай-ақ оларды өзге де жауапқа тарту шараларын заңдарда белгіленген т ә р т і п п е н қ о л д а н с ы н .

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі алынған қаражаттың республикалық бюджетке қайтарылуын қамтамасыз ету жөнінде барлық қажетті ш а р а л а р д ы қ о л д а н с ы н .

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Қазақстан Республикасы

Мемлекеттік кіріс министрлігінің Салық комитеті мен "Қазақстан Эксимбанкі" жабық акционерлік қоғамы (келісім бойынша) қаржылық міндеттемелері республикалық бюджеттің есебінен орындалған заемшыларға қатысты алынған мемлекеттік бюджеттік қаражаттарды қайтару жөнінде қабылданған шаралар мен олардың нәтижелілігі туралы ай сайын Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат берсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 1999 жылғы
25 наурыздағы
N 291 қаулысына
1-қосымша

Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік емес сыртқы заемдарды өтеу бойынша мерзімі өткен төлемдердің
Сомасы

Заемшы ұйым	Төлем валют.	Төлем күні	Төлем сомасы	Төлем борыш	Негізгі тер	Процент.	Басқалары
Герман несие желісі							
"Павлодартрактор" АҚ	DM	13.10.98	42 062,62	0,00	0,00	42062,62	
"Құрылысфарфор" АҚ	DM	13.10.98	14 042,66	0,00	0,00	14042,66	
"Азат" концерні	DM	13.10.98	28 518,59	0,00	0,00	28518,59	

АҚШ несие желісі

"Тағам" АҚ	USD	22.12.98	3 424,26	0,00	0,00	3424,26
Барлығы	USD		3 424,26	0,00	0,00	3424,26
	DM		84 623,87	0,00	0,00	84623,87

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 1999 жылғы

25 наурыздағы

№ 291 қаулысына

2-қосымша

Қазақстан Республикасының мемлекеттік кепілдігі бар мемлекеттік емес сыртқы өтеу бойынша алдағы төлемдердің Сомасы

Заемшы ұйым	Төлем валютасы	Төлем күні	Төлем сомасы	Негізгі борыш
Герман несие желісі				
"Павлодартрактор" АҚ	EURO	01.03.99	2 329 730,57	1 809 499,47
"Құрылысфарфор" АҚ	EURO	01.03.99	774 670,23	694 771,51
"Азат" концерні	EURO	01.03.99	1 576 624,12	1 312 486,26
"Ауылшармаш" АҚ	EURO	01.04.99	366 291,17	345 558,75

"Ауылшармаш" АҚ	EURO	01.04.99	241 902,89	228 210,96
"Екібастұзкөмір" МАҚ	EURO	01.04.99	471 508,93	392 463,05
"Екібастұзкөмір" МАҚ	DM	31.03.99	2 408 921,02	1 853 016,17
Австрия несие желісі				
"Фосфор" ӨБ	USD	30.03.99	26 024,78	0,00
Чехия несие желісі				
"Конденсат" АБК (Чехия)	USD	30.03.99	1 836 982,64	1 666 666,67
Барлығы				
	EURO		5 760 727,91	4 782 990,00
	DM		2 408 921,02	1 853 016,17
	USD		1 863 007,42	1 666 666,67

Таблицаның жалғасы

Проценттер	Басқалары
520 231,10	0,00
79 898,72	0,00
264 137,86	0,00
20 732,42	0,00
13 691,93	0,00

79 045,87	0,00	
555 904,85	0,00	
16 711,42	9 313,36	
170 315,97	0,00	
977 737,90	0,00	
555 904,85	0,00	
187 027,39	9 313,36	

Оқығандар:

Қобдалиева Н.

Омарбекова А.